

**Қазақстан және халықаралық қатынастар тарихының мәселелері**

Әбдуәлі Назгүл

Ғылыми жетекшісі: PhD, доцент Ақпанбет Н.Н

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бері аз уақыттың ішінде көптеген жетістіктерге жетті. Өз даму жолында тек обылыс арасында қалып қоймай, алыс-жақын шет елдермен тығыз байланыста, тәжірбие алмасып қана қоймай, дүниежүзілік танымал ұйымдарға мүшелік етуде.

Тәуелсіз Қазақстан егемен мемлекет ретінде халықаралық қатынастар жасауға, белсенді сыртқы саясат жүргізуге кірісті. Қазақстан өзінің сыртқы саясатында үш мәселеге ерекше назар аударды.

Біріншіден, басқа елдермен, оның ішінде бұрынғы Одаққа кірген республикалармен, Азия, Тынық мұхит, Таяу Шығыс аймағы, Еуропа елдері және АҚШ-пен халықаралық байланысты өркендету.

Екіншіден, шет елдермен тек дипломатиялық байланыс қана орнатып қоймай, сонымен қатар, олармен мәдени-экономикалық байланысты күшейту, сол арқылы алдыңғы қатарлы өркениетті елдердің қатарына қосылу.

Үшіншіден, Қазақстанның қауіпсіздігін сақтау, дүниежүзілік соғысты, ядролық қаруды қолдануды болдырмау.

Міне, осы бағытта 1991 жылдан бастап сыртқы саясат пен халықаралық қатынастар саласында көптеген шаралар іске асырылды. Қазақстан өзінің барлық көршілерімен, негізгі әріптес мемлекеттерімен байыпты және болжауға болатындай байсалды қарым-қатынастар орнатты. Сыртқы саясаттың негізгі діңгегі – көпвекторлық жол, яғни көп бағыттылық. Ол – еліміздің геосаяси жағынан орналасуына байланысты өмірдің өзі талап етіп отырған қалыпты жағдай. Өткен уақыт ішінде Қазақстан Республикасын дүние жүзінің 180-нен астам мемлекеті таныды. Қазақстан 120-дан астам елмен дипломатиялық қатынастар орнатты. Шет елдерде 40-тан астам дипломатиялық және консулдық өкілдіктер ашылды. Ал Алматы мен Астанада 50-ден астам шетелдік елшілік пен миссия, халықаралық және ұлтаралық ұйымдардың ондаған өкілдігі жұмыс істейді[1,223б.].

Қазақстан өзінің сыртқы саясатында ең жақын және ірі көрші мемлекеттер – солтүстікте Ресеймен, ал шығыста Қытаймен тығыз қарым-қатынас орнатуға ерекше назар аударып келеді. Қазақстан мен Ресей арасында 1992 ж. 25 мамырдағы достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа қол қоюдың зор тарихи маңызы бар. Екі халықтың достығы мен ынтымақтастығын нығайтуда 1996ж. 27-ші сәуірде Ресей Федерациясының Президенті Б.Ельцин мен Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алматыда кездесіп, Қазақстан мен Ресей бірлескен Декларациясына қол қоюының маңызы өте зор болды. Онда Қазақстан мен Ресейде жүргізіліп жатқан демократиялық қайта құрулар мен саяси-экономикалық реформалардың екі ел халықтарының болашағы үшін үлкен мәні бар екендігі атап көрсетілді.

Қазіргі халықаралық қатынастар деп әлемдегі халықаралық қатынастар субъектілерінің арасында пайда болатын әр түрлі байланыстар мен кездесулер, акциялар мен әрекеттер түсіндіріледі. Осы қатынастардың базалық әлеуметтік негізі жер планетасында өмір сүретін бірлік пен тұтастықты қалыптастыратын адамзат. Дегенмен осынау бірлік пен тұтастық - қайшылықты нақтылық және көп бейнелі, әр түрлі, тіпті карама-қарсы мүдделердің түйісуінің бірлігі болып табылады. Олар (осы мүдделер) қажет болғандықтан саясатқа еніп кетеді және саяси шешімдерді талап етеді. Сонымен, халықаралық қатынастар субъектілерінің мүдделерінің түйісуінің өзегі болатын саяси шынайылықтың спецификалық мазмұны халықаралық қатынастар болып табылады. Қазіргі кезде мемлекетпен қатар

мемлекеттен тыс құрылымдар да халықаралық қатынастардың субъектілері болып табылады, яғни жекелей алғанда БҰҰ және оның органдары: Бас Ассамблея, Қауіпсіздік Кеңесі, Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес, Қамқорлық туралы Кеңес, Халықаралық сот, Секретариат. БҰҰ құрылым белсенді және мақсатты қызметінің нәтижесінде халықаралық шиеленістердің түйінін шешу, келісімдік процестерді жолға қою, мемлекеттердің мүдделерін түйістіру, халықаралық құқық нормаларының сақталуын қамтамасыз ету, агрессияны айыптау, халықаралық проблемаларды шешуде мәдениет пен бейбітшілік сүйгіштікті қалыптастыруға кең жол ашылады. Бұл жағдайда БҰҰ қызметі халықаралық-құқықтық шеңберде болады. 1945 жылдың 26 шілдесі күні Сан-Франциско қаласында қабылданған БҰҰ-ның жарғысында көрсетілгендей, БҰҰ және оның органдарының міндеттері мыналар: халықаралық проблемаларды шешудің тәсілі ретінде соғысты болдырмау адамзат өмірінде адамның негізгі құқықтарына, адамзат артықшылықтары мен құнды, әйелдер мен еркектердің, кіші және үлкен ұлттардың теңдігіне сенімді нығайту; елдер мен халықтардың алдында пайда болатын проблемаларды шешу үшін халықаралық жағдайлар жасау. БҰҰ мен оның органдарының негізгі күш-жігері қақтығысқа алып келетін жағдайларды зерттеуге, қақтығысушы тараптардың позицияларын анықтау мен айқындауға, оларды құқықтық және моральдық тұрғыдан бағалауға және қақтығысты шешу бойынша нұсқауларды дайындауға, ал қажет болған жағдайда күш қолдануға бағытталынған[2,317б.].

Сыртқы саясат мемлекеттің ішкі саясатымен тығыз байланысты. Мемлекеттің саяси жүйесі, билік тұтқасының бағыт – бағдары, алға қойған мақсаты, саяси құрылымы, даму деңгейі - бәрі сыртқы саясатпен ұштасып жатады. Сондай – ақ, мемлекеттің географиялық жағдайы, оның стратегиялық маңызы, этнодемографиялық құрылымы, тарихи қалыптасқан дәстүрлері, жер қойнауының байлығы сияқты факторлар да оның халықаралық қауымдастықтағы беделі мен мәртебесін, сыртқы саясаттың қадау принциптерін анықтауда шешуші роль атқарады.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жолына түсіп, өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыруға бағыт алғаннан бергі уақытта дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуға барынша қызмет істеп келеді. Бүгін таңда әлемнің 150- ге жуық мемлекеті оның тәуелсіздігін танып, 100 – ден астам елмен дипломатиялық қарым қатынасқа түсіп, экономикалық, ғылыми- техникалық, мәдени байланыстар дамытуда. Қазақстанның тәуелсіздігі мен қауіпсіздігіне ұлы державалардың тарапынан кепілдік берілді. Оның Еуропа мен Азияның түйілісіне орналасуы, табиғи байлықтар, ұлан – асыр аумағы, көп ұлтты этнодемографиялық құрылымы – сыртқы саясатты анықтайды. Әр халықтың, мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік және рухани даму деңгейі де әр басқа, олар тарихи дамудың әр сатысында тұр. Соған сәйкес өмір салты, мақсаты - мүдделері де алуан түрлі. Мұның бәрі олардағы саяси жүйенің сипатының, мемлекеттік құрылыстың көптүрлігін, демократиялық нышандарын деңгейін анықтайтыны сөзсіз. Осыдан келіп саяси құбылыстардың күрделілігі мен қайшылықты түрде өрбуі туындайды.

Сыртқы саясат – мемлекеттің халықаралық қарым-қатынаста ұстанған бағыты. Ол осы мемлекеттің өз қағидалары мен мақсаттарына сәйкес басқа мемлекеттермен жасайтын қарым – қатынастарын реттейді. Сыртқы саясаттың негізгі өзегі – ұлттық мүдде. Ол ұлттың еркін және тәуелсіз мемлекет есебінде сақталуын, өмір сүруін, сыртқы қауіптен қорғануын, ұлттық әл – ауқаттың өсуін, халықаралық аренада мемлекеттің экономикалық және саяси позициясын қорғауды қамтиды.

Сыртқы саясат мемлекеттің ішкі саясатымен тығыз байланысты. Мемлекеттің саяси жүйесі, билік тұтқасының бағыт – бағдары, алға қойған мақсаты, саяси құрылымы, даму деңгейі — бәрі сыртқы саясатпен ұштасып жатады.

Егеменді Қазақстан халықаралық қатынастар жүйесінде Қазақстан Республикасы егеменді ел болып, өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін өзінің сыртқы саясатын ұлттық-мемлекеттік мүддесіне сай жүргізе бастады. Ол дүниежүзілік қауымдастыққа дербес субъект ретінде белсене кірісуде. Мұның жарқын дәлелі – Қазақстан Республикасының Біріккен

Ұлттар Ұйымының толық құқылы мүшесі болуы. Еліміздің Хельсинки келісімне қосылуы, Лисобон хаттамасына қол қоюы және ядролық қаруды таратпау туралы шартқа енуі оның халықаралық беделін нығайтып, егемендік, қауіпсіздігін және шекараларының мызғымастығын баянды етті. Бұған АҚШ – пен «демократиялық серіктестік туралы хартияға» қол қоюы, НАТО – ның «бейбітшілік мүддесіндегі серіктестік» бағдарламасына қосылу, АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, Франция және Қытай сияқты ядролы державалардың Қазақстанға берген қауіпсіздік кепілдіктері жәрдемдесті.

Республиканың тиісті халықаралық институттармен, бірінші кезекте ЮНЕСКО – мен қайырымдылық және мәдени салаларда тығыз байланыс жасап отыр. Оның айғағы – ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойы көптеген елдерде ЮНЕСКО – ның демеуімен аталып өтуі.

Қазақстанның сыртқы саясатының негізінде өзінің қауіпсіздігін, егемендігі мен территориялық тұтастығын қамтамсыз ететін, мемлекетіміздің дүниежүзілік қауымдастыққа енуіне, республика ішіндегі реформаларды жүзеге асыруға оның тиімді және өсіпкі экономика, тұрақты демократиялық институттар жасауға, барлық республика халқының құқығы мен бостандықтарын қорғауға қолайлы жағдайлар жасау мүдделері

жатыр[2,324б.]. Сыртқы саясаттың экономикаға байланысы Республиканың сыртқы саясатына экономикалық байланыстарды нығайтып, дамыту да кіреді.

Халықаралық қатынастар деп халықтар, мемлекеттер, мемлекеттік жүйелер арасындағы дүниежүзілік деңгейде жүргізілген саяси, экономикалық, құқықтық, дипломатиялық, әскери, мәдени байланыстар және оларды іске асырушы әлеуметтік, экономикалық, саяси күштер мен ұйымдардың өзара қатынастарының жиынтығын айтады.

Мемлекеттердің халықаралық қатынастарындағы жағдайы, ондағы орны көптеген себептерге байланысты. Солардың ішінде ең бастысы – мемлекеттің күшінің арақатынасы. Қазақстанның тәуелсіздік алуымен байланысты халыққа білім беру саласында халықаралық қарым-қатынас кеңейді, ынтымақтастығымыз артты. Қазіргі таңда көптеген, студенттер және магистранттар оқуларын шет елдерде жалғастырып жатыр. Осы мақсатта Қазақстан Президенті жанынан "Болашақ"бағдарламасы бойынша арнаулы қор құрылып, еліміздің ЖОО-нан жыл сайын жүздеген студент шетелдерге, соның ішінде АҚШ-қа, Ұлыбританияға, Францияға, Қытайға, Түркияға оқуға жіберіледі. Студенттерге әлемнің 25 үздік университетінде дәріс алуға мүмкіндік жасалған. 2004 жылы Қазақстан Республикасының мәдени саясатын дамыту үшін ерекше маңызды болды. 13 қаңтарда Елбасы, Н.Ә. Назарбаев Мемлекеттік "Мәдени мұра"бағдарламасын бекіткен еді. Мақсаты-«рухани және білім салаларын дамыту, елдің мәдени мұрасын тиімді пайдалану мен сақтауды қамтамсыз ету». Онда археологиялық ескерткіштер мен тарихи маңызды жәдігерлерді қайта қалпына келтіру, мәдени мұраны, соның ішінде қазіргі ұлттық мәдениет, фольклор, дәстүрді зертеудің бүтін жүйесін жасау, ұлттық әдебиет пен жазудың көп ғасырлық тәжірбиесін жинақтау, көркем және ғылыми сериалар жасау, әлемдік ғылым, ой, мәдениет және әдебиет жетістіктері негізінде гуманитарлық білімнің құнды қорын мемлекеттік тілде жасау белгіленді. "Мәдени мұра" бағдарламасының шеңберінде қыруар жұмыстар атқарылып, ұлттық мәдениетіміз бен тарихымыздың аса құнды мұралары ғылыми айналымға енгізіліп, көпшілік оқырманның игілігіне айналды[3,249б.].

Қорытындылай келе, халықаралық қатынастардағы қақтығыстар уақытша, ғаламдық жүйе қалыптасуы үстінде тұрақтылыққа көз жетеді. Бұл қақтығыстар келіссөздер арқылы, демократиялық қағидаттарды жүзеге асыру барысында шешімін тауып, халықаралық ғаламдық жүйенің қалыптасуына септігін тигізеді. Мемлекеттің берік болуына барлық жаңдайлар жасай келе, халықаралық қарым-қатынасты нық ұстау арқылы, еліміздің терезесін теңдей ұстай аламыз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Аяған Б.Ф., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. Б.Ф.Аяғанның жалпы редакциясымен. – Алматы: Раритет, 2010. – 448 б.
2. Қ.С.Қаражан;Алматы ."Қазақ университеті" .2008.-330б.

3. Кан Г.В., Шаяхметов Н.У. Қазақстан тарихы. Оқулық.-Алматы: Алматы кітап, 2007. - 264 б.

### **Қыпшақ Бейбарыс сұлтанның тарихи тұлғасы және халықаралық саясаттағы рөлі**

Калиева Айгүл Танжарыковна

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі, аға оқытушы Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Тарихи тұлға деп біз –тарихи уақыт пен кеңістіктегі орны айқындалған және саяси өмірі жолындағы айшықты рөлі нақтыланған қайраткерлерді айтамыз. Саясаты мен өмірінің ерекшелігі арқылы құлдықтан сұлтан дәрежесіне көтерілген Мысыр мен Сирияның даңқты билеушісі Бейбарыс сұлтан аса белгілі тарихи тұлға.

Бейбарыс Жамақұлы дәулеті Бахриден шыққан мамлюктердің Мысырды билеген төртінші сұлтан. Оның шыққан тегі – қыпшақ. Бірақ қай жердің қыпшағы дегенге келгенде әр түрлі деректер айтылып, бірі – Хорезм, Дербент қыпшақтарынан десе, екіншілері маңғыстаулық еді дегенді айтады. Соңғы зерттеулер Бейбарыстың қыпшақ тайпасының Беріш руынан шыққан атақты әулеттің тұқымы екені анықтауға мүмкіндік берді. Араб елдерінің «Мың бір түнмен» қатар қоятын халық романы – «Бейбарыста» оның әкесі Жамақ, шешесі Әйек деп, олардың нақты есімдерін атап көрсеткен. Бейбарыс өмір бойы қыпшақ тілінде сөйлеген, алдыңғы Азиядағы араб тілдес халықтармен тілмәш арқылы түсініскен. Бейбарыс Дамаскінің базарында 800 дирхемге құлдыққа сатылғаннан кейін жаңа қожайыны Айдакин Бундукдаридің атымен әл-Бундукдари деген есімге ие болды. Кейін Бейбарыстың ерекше қабілетін байқаған Айюби әулетінің сұлтаны Салих Нажумиддин оны өзінің жеке гвардиясының бір бөліміне сардар етіп алады. Сөйтіп ол енді жаңа әміршісінің атымен өзіне әл-Салихи деген есімді және қабылдайды [1, 150 б.].

1250 жылы 2 мамырда мамлюк Бейбарыс өзінің жақтастарын әскери төңкеріс жасауға көндіреді де сұлтан Тұран-шахтың сарайын басып алады. Мамлюктер таққа бала Камилді отырғызады. Ал елге билікті Камилдің шешесі мен оның күйеуі мамлюк түркмен Айбек жүргізеді. 1257 жылы сұлтанның әйелі күйеуін өлтіреді, сол үшін мамлюктер оны түрмеге отырғызады. Египеттің жаңа сұлтаны Муиззэддин Айбек Айюби әулетінің соңғы бастаған кезде, Бейбарыс бас сауғалап, Сирияға қашып кетеді. Содан мамлюктер Айбекті өлтіргеннен кейін ғана ол Каирға қайта оралады. Ол осында жүргенде крест жорығына қатысушыларға қарсы күресте Египет әскеріне қолбасшылық етеді. 1259 жылы мамлюк Құтыз сұлтан таққа отырады. Бейбарыс таққа жаңа отырған Мұзаффар Сайфуддин Құтұз сұлтанның әскеріне қолбасшы болып, Сирия жеріне ішкерлей кірген моңғолдарға қарсы күреске аттанады. 1260 жылы 26 шілдеде мамлюктердің әскері Мысырдан шығып, Синай шөлінен өтіп, Газа маңындағы монғолдардың аз адамдық тосқауыл әскерін жойып жібереді. 1260 жылдың 3-қыркүйегінде Айн-Жалут жанында монғол әскерлерімен кездеседі. Айн-Жалут түбіндегі шайқаста мамлюк қолы монғолдардың тас-талқанын шығарады, монғол әскерлерінің қолбасшысы Кетбұқа қолға түседі. Зерттеуші Л.Н. Гумилевтың жазуынша Кетбұқа өзін барынша асқақ, ержүректілікпен ұстай білді. Ол өзіне рақым сұраған жоқ. Жеңімпаз Құтызды сен заңды сұлтанды өлтірдің деп айыптады, бұл орайда мамлюктердің қылмыстық істеріне көшпелілердің адалдығын қарама-қарсы қойды. Деру сол арада Құтыздың бұйрығымен басы алынды[2, 225 б.], – дейді. Осы соғыста Бейбарыс ер жүректілігімен айрықша көзге түседі. Бірақ Құтұз, неге екені белгісіз, басқаларға сый-сияпат жасап, Бейбарысты елеусіз қалдырады. Осыған өкпелеген Бейбарыс өзіне ниеттес адамдармен келісіп, Каирға қайтар жолда Құтұзды өлтіреді. Жақтастары Бейбарысты Египеттің сұлтаны деп жариялайды[1].

Саясатта Бейбарыс сұлтан аса көреген саясат ұстанды. Мұсылман мемлекетінің тұғырын нықтап, өркендеуі үшін көп еңбек сіңірді. Бейбарыстың дәуірінде Мысыр гүлденген елге айналды. Ішкі саясатта ішкі көтерілістер мен бүліктерді басу арқылы елдің іргесін